

## ХАТТАМА №6

Құлсары қаласы

**Уақыты:** 28.02.2022 жылы, сағат 15:00  
**Өткен орны:** Майкөмген ауылдық округі  
аппаратының акт залы  
**Ұйымдастырушы:** «Жылыойгаз» ЖШС

Қатысқандар:

1. Жакашев Г.М - Жылыойгаз ЖШС директоры
2. Бертлеуова С - ГҚЖҚҚЖБ бастығы
3. Изматова У – өткізу қызметінің жеке тұлғалар бойынша менеджері
4. Утаров С - өндірістік техникалық бөлім инженері
5. Сулейменова Ш - экономист
6. Аудандық мәслихат хатшысы - Таласов С
7. Майкөмген ауылдық округінің әкімі-Қабиденов М

### Күн тәртібі:

1. Әлеуметтік желілерде газ бағасына қатысты туындап жатырған халықтың сұрағына ашық сұхбат түрінде жауап беру, жалпы серіктестіктің қызметі бойынша ақпарат жеткізу.

Халықпен болған ашық сұхбатты Майкөмген ауылдық округі әкімі Қабиденов М ашып, «Жылыойгаз» ЖШС директоры Г.М.Жакашевке сөз берді.

Г.М.Жакашев сөз алып, келуіміздің бірден-бір себебі халықтың көкейіндегі сауалдарға ашық форматта жауап беру деді және газ бағасы саясатына тоқталды.

Біз газды «Теңізшевройл» компаниясынан сатып аламыз және аталған мекеме елдегі инфляцияның деңгейіне қарай әр жылдың 1 шілдесінде өз тарифін көтеріп отырады. Өсім өткен 2021 жылдың жазында да қосылды. Оқырмандарға түсінікті болу үшін айтайын: ТШО-ның 1 текше метрге шаққандағы сату бағасы – 5,67 теңге. Мұны компания басшылығы жоғарғы жақтағы министрлікпен келісіп бекітеді. Ал, біздің тариф облыстық табиғи монополияларды реттеу агенттігінің қадағалауында. Біз өз кезегімізде сатып алған газды Құлсары қаласына тасымалдап, тұтынушыға сатамыз. «Интергаз Орталық Азия» АҚ-ның тасымалдау тарифі 1 м<sup>3</sup>-5,28 теңге, «Жылыойгаз» ЖШС-нің тасымалдау тарифі – 1 текше метр үшін 2,10 теңге, сонда көгілдір отын құны Майкөмгенге жеткенше қосымша құн салығынсыз 13,05 теңге, қосымша құн салығын қосқанда 14,62 теңгені құрайды.

Бір сөзбен айтқанда, біз табиғи газды «Теңізшевройлдан» қымбатқа сатып алып, халыққа арзанға беріп отырмыз. Себебі: жоғарыда айтып өткеніміздей, ТШО теңгенің құнсыздану деңгейіне байланысты газ бағасын жыл сайын қымбаттатумен келеді, ал біз

– 2020 жылғы тарифты өзгертпедік. Арзандатуды Теңізден (Теңізшевройл ЖШС-нен) бастау керек және осы мақсатта біз өз тарапымыздан тиісті хаттарды жолдадық. Бұл сұрақ күн тәртібінен түспейді деп сөзін қорытындылады.

Одан кейін, кездесуге жиналған тұтынушылардан келесідей сауалдар, ұсыныс пікірлер түсті. Оған «Жылыойгаз» ЖШС мамандары жауап берді.

- 1) Шунгенов Ернар – тұрғын үйді газдандыру қызметінің ақысы қанша болады?
- 2) Кенжебекова Күнсұлу 171 үй- ШРП екі үйге ортақ, өзіміздің меншігімізде тұр. Оған техникалық қамтуды кім жасауға тиісті. Өзіміз бе әлде Жылыойгаз ба? (Майкөмгенде барлығы 6 үйде 3 ШРП бар екен)  
Сонымен қатар, аталған тұтынушы топырақ, желмен газ құбырлары ашылып қалып жатырғандығын да тілге тиек етті.
- 3) Жолдасова Райхан – караусыз тұрған оператор үйі кімнің иелігінде?
- 4) Бекенов Илан – ГРПШ-ға келіп тұрған орта қысымды газ линиясы, көршілес орналасқан шайхананың газ линиясы осы аталған тұтынушының территориясымен өтіп жатыр. Соны алып тастауды сұрады және газ бағасына қатысты пікір білдірді.

Отырыс төрағасы кездесуді осы жерде айтылған барлық мәселелер ескеріліп, сұрыпталатын болады деп, нәтижеге жұмыс жасайтынын жеткізді.

**Отырыс төрағасы:**  
«Жылыойгаз» ЖШС директоры



Жакашев Г.М

**Отырыс хатшысы:**  
Заң кеңесшісі

Кусаинова Н